

**Өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелерін әзірлеу, бекіту, өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеу және қолдану қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 923 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 желтоқсанда № 18059 болып тіркелді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Осы бүйрық 11.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі**

"Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-2-бабының 15) тармақшасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 19.12.2023 № 441-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелерін әзірлеу, бекіту, өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеу және қолдану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2019 жылғы 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және  
даму министрінің  
2018 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 923 бұйрығымен  
бекітілген

**Өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелерін әзірлеу, бекіту, өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеу және қолдану қағидалары 1-тарау.  
Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 6-2-бабының 15) тармақшасының талаптарына сәйкес әзірленген және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде әзірлеу, бекіту және тіркеу тәртібіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасында өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде қолданылатын салыстырып тексеру әдістемелерін қолдануға қойылатын негізгі талаптарды белгілейді.

2. Қағидаларда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелерін байқаудан өткізу – өлшем құралының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкестігін айқындау және растау үшін салыстырып тексеру әдістемесінің жарамдылығын эксперименталдық растау;

2) өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелері – өлшем құралдарының белгіленген метрологиялық сипаттамаларға қойылатын талаптарға сәйкестігін айқындауга және растауга мүмкіндік беретін операциялар жиынтығының сипаты;

3) өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімі (бұдан әрі – КР МӘЖ тізілімі) – өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы объектілердің, жұмыстарға қатысушылар мен құжаттардың электрондық дерекқоры.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Сауда және интеграция министрінің 19.12.2023 № 441-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелері Заңың 8-бабына сәйкес әзірленеді және өлшем құралдарының белгіленген метрологиялық сипаттамаларға қойылатын талаптарға сәйкестігін растау үшін қолданылады.

4. Мемлекеттік реттеуге жататын өлшемдер тізбелерінде және нормативтік құқықтық актілерде метрологиялық талаптар белгіленген өлшемдер кезінде қолданылатын өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелері КР МӘЖ тізілімінде тіркеуге және орналастыруға жатады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Сауда және интеграция министрінің 19.12.2023 № 441-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-тарау. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелерін әзірлеу, бекіту, өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркеу және қолдану тәртібі**

**6. Салыстырып тексеру әдістемелерін:**

1) өлшем құралдарын Қазақстан Республикасында өндіруге және айналымға шығаруға дайындау кезінде өлшем құралдарын әзірлеуші-кәсіпорындар (дайындаушылар);

2) оларды пайдалану кезінде өлшем құралдарын пайдаланушылар;

3) пайдаланушылардың немесе дайындаушылардың өтінімі бойынша жеке және занды тұлғалар.

**7. Салыстырып тексеру әдістемелері:**

1) мемлекетаралық өнірлік Қазақстан Республикасының немесе ұлттық стандарты, ұйым стандарты;

2) пайдалану құжаттамасының немесе пайдалану құжаттары бөлімдерінің құрамындағы құжаттар (мысалы, салыстырып тексеру туралы нұсқаулар) түрінде әзіrlenеді.

8. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар түрінде әзіrlenетін өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелері КР СТ 1.2 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Ұлттық және алдын ала ұлттық стандарттарды әзірлеу тәртібі" Қазақстан Республикасының ұлттық стандартына сәйкес бекітіледі және тіркеледі.

9. Салыстырып тексеру әдістемесін әзірлеу тәртібі белгіленген КР СТ 2.63 "Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелері. Дайындау, бекіту және қолдану тәртібі" талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Ұйым стандарты түрінде немесе пайдалану құжаттамасының құрамында әзіrlenетін өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелерін өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемесінің әзірлеушілері бекітеді және Мемлекеттік ғылыми-метрологиялық орталыққа (бұдан әрі – MFMO) байқау үшін жіберіледі.

11. Байқауды жүргізген кезде теріс нәтижелер алынған жағдайда MFMO өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемесін тиісті қорытындысымен бірге пысықтауға жібереді.

12. Осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес бекітілген, байқаудан өткен өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелері Заңның 6-2-бабының 17) тармақшасына

сәйкес бекітілетін өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімін жүргізу қағидаларында белгілеген тәртіппен ҚР МӨЖ тізілімінде тіркеуге жатады. Аттестаттаудан (қайта аттестаттаудан) өткен салыстырып тексеруші белгіленген.

13. Қазақстан Республикасының аумағында:

1) ҚР МӨЖ тізілімінде тіркеуден өтсіз Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес шеңберінде әзірленген (мемлекетаралық стандарттар, мемлекетаралық стандарттау жөніндегі қағидалар, мемлекетаралық стандарттау бойынша ұсыныстар түрінде);

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 1116 қаулысымен бекітілген, Өлшем құралдарының типін бекіту, метрологиялық аттестаттау, салыстырып тексеру және калибрлеу мақсатында сынау нәтижелерін өзара тану туралы келісімге сәйкес сынақ нәтижелері мен типін бекітуді тануды жүргізу кезінде байқауды жүргізусіз, ҚР МӨЖ тізілімінде тіркелгеннен кейін ТМД елдерінде әзірленген;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары түрінде әзірленген, бекітілген және тіркелген;

4) осы Қағидалардың 9-12-тармағына сәйкес байқаудан өту нәтижелері бойынша ҚР МӨЖ тізілімінде әзірленген, бекітілген және тіркелген өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелерін қолдануға рұқсат беріледі.